

2011 жылы ауыл халқына және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге шағын кредит беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 28-3/227 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 11 мамырда N 6945 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 12 тамыздағы № 28-3/472 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011.08.12 № 28-3/472 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 645 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау ережесінің 34 және 36-тармақтарына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамына
м ы н а л а р б е л г і л е н с і н :

1) ауыл халқына және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ағын
к р е д и т б е р у к е з і н д е :

сыйақы ставкасы жылдық - 9,5% -дан артық емес;

шағын кредиттерді беру мерзімі - 3 жылдан артық емес;

берілетін шағын кредиттердің мөлшері - 1 000,0 мың теңгеден артық емес;

2) ірі қара малдың аналық басын және етті тұқымды төлдің өсімін молайтуға арналған асыл тұқымды бұқаларды дамыту үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге шағын кредит беру кезінде:

сыйақы ставкасы жылдық - 6% -дан артық емес;

шағын кредиттерді беру мерзімі - 7 жылдан артық емес;

берілетін шағын кредиттердің мөлшері - 8 500,0 мың теңгеден артық емес.

2. Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитет (С.Т.Тұңғышбеков) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК